



2023 жылдың Еңбек күніне байланысты 4 курс эдвайзері Ж.Еркишеева «Еңбек түбі береке» тақырыбы бойынша ф.м.ғ.д-профессор Турметов Батырхан кездесу ұйымдастырды. ф.м.ғ.д-профессоры Турметов Батырханның өмір жолы мен ғылым жолындағы жетістіктерімен таныстырды. Кездесу барысында ф.м.ғ.д-профессор Турметов Батырхан өзінің ғылым жолында еңбек ету кезінде жақсы шәкірттер тәрбиелеп, сол шәкірттерімен мақтанатындығын атап өтті. Менің мақтанышым деп, осы Математика кафедрасының түлегі Берік Төребектің ғылым жолындағы жеткен жетістіктерін жеткізді.



3 курс ,ЖМА-111, ЖМК-111 және ЖМК-112 топтарының эдвайзері Г.Назарова «Қарттарым-асыл қазынам» тақырыбында тәрбие сабағын өткізді.



6B01573-Информатика, АКТ және робототехника білім беру бағдарламасының 1-4 курс студенттерімен «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» - атты мерекелік тәрбиелік іс-шара факультет деңгейінде ұйымдастырылып өткізілді.





2 курс,ЖМК-311, ЖМК-312 топтарының топ тәлімгері Алтынбек Динара № 1 жатақханада «Баспанаң жайлы ма, студент» тәрбие сабағын өткізді.



21-23 қыркүйек айында университетімізде Дүние жүзілік «TWMS Congress-2023» математиктер конференциясы өтті. ЖМК-011, ЖМК-012 курсының студенттері конференцияларға қатысып, хатшыларға көмекші, және конференция көрермендері болды. Студенттер 20 мемлекеттен келген, 400 ғалым, профессорлар мен математика оқытушыларының жасаған докладтарын тыңдады. Біздің студенттерге ол үлкен мотивация болды. Ғылыммен айналысуға деген шабыттарын оятты.



Аға оқытушы Б.Алиханованың ұйымдастыруымен Жаратылыстану ғылымдары факультеті түлектерінің кездесуі өтті.





2024 жылдың 11-сәуірінде Нұртас Ондасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернатында «Математика» пән бірлестігі мұғалімдері мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, «Математика» кафедрасы оқытушы-профессорларының бірлесуімен «Бүкіл әлем математика тілімен сөйлейді» атты семинар-кездесу өтті.






«Ғалымның ғибрат мұрасы – ғылымға апарар жол»-тақырыбында конференция өткізілді.

Студенттердің математикалық, спорттық және қоғамдық іс-шараларға, ғылыми конференцияларға қатысуына ықпал жасалды. Соның ішінде факультетіміздің 1 курс ЖИА-411 тобының студенті Пердебай Бексұлтан 2024 жылдың 25 қазаны мен 2024 жылдың 7 қарашасы аралығында Астана қаласында өткен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ұйымдастыруымен волейболдан өткен ЖОО арасындағы ақтық финал 'Студенттер спорт лига' ойындарына Университет спортшылары құрамында өнер көрсетті.



Университетімізде өткен XXXIII студенттік конференцияға кафедрадан 7 студент түрлі пәндерден қатысты. Факультетаралық конференция қатысушылары арасынан 1-ші орын иеленген студенттер жалпы Университет бойынша бәсекеге түсті.



Ұлтаралық келісімді нығайту және діни экстремизмнің алдын –алу мақсатында №1 Студенттік қыздар жатақханасында Математика кафедрасының аға тәлімгері Аманжолова Ә. ұйымдастыруымен 'Ұлтаралық келісімді нығайту және діни экстремизмнің алдын алу' тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағаты барысында Ұлтаралық келісім мен мәдени әртүрліліктің маңыздылығы түсіндірілді, Ұлттық мәдениет пен дәстүрлер таныстырылды, Отан туралы өлеңдер оқылды және Информатика ІР білім беру бағдарламасының ЖИА-412 тобының қатысуымен түсірілген Діни экстремизмнің алдын алу тақырыбына арналған видеоролик көрсетті. Іс-шара соңында Пікірталас өткізілді.







Математика мамандығының ЖМК –413 тобы «Соғыстың соңғы нүктесін қойған батыр қазақ - Рақымжан Қошқарбаев» тәрбие сабағын өткізді. Тәрбие сағаттың мақсаты – оқушылардың бойында рухани-адамгершілік, патриоттық қасиеттерді дамыту, мәдени және ұлттық құндылықтарды сіңіру, тұлғалық қасиеттерін жетілдіру болып табылады. Бұл іс-шара арқылы студенттер Рақымжан Қошқарбаевтың өмірбаянын, жасаған ерліктерін біледі және тарихқа, елдің батырларына құрмет көрсетіп, өз еліне деген сүйіспеншіліктерін арттырады. Сонымен қатар, тәрбие сағатында олардың өз ойларын еркін жеткізуге, бір-бірімен пікір алмасуға, шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік туады.

Көрнектілер ретінде Рақымжан Қошқарбаевтың портреті, Тарихи фото суреттер, кобыз аспабы, деректі фильм үзінділері, викторина қолданылды. Талантты студенттердің орындауында хор және кобыздың әсерлі әуені шырқылды.





ЖМА-211 тобының тәлімгері И.Омарова «25 қазан – Республика күні» атты студенттік ашық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағат мақсаты: Студенттерге еліміздің тәуелсіздік жолындағы маңызды қадамдарын таныстыру, патриоттық рухты көтеру және Қазақстанның болашағы үшін жауапкершілікке ынталандыру.



Кафедраның аға тәлімгері Аманжолова Әлинаның ұйымдастыруымен Информатика мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасының ЖИА-411 1 курс студенттері «Тәуелсіздік тұғыры — еркіндік болашағы» тәрбие сабағын өткізді. Тәрбие сағаттың мақсаты – студенттерге

еліміздің тарихы туралы мол мағұлмат беріп, Тәуелсіздік жолында қыршын кеткен аға әпкелерімізді таныстыру. Тәуелсіздікке қалай қол жеткізгеніміз туралы ақпарат беру. Студенттердің бойына рухани-адамгершілік, патриоттық қасиеттерді дамыту, мәдени және ұлттық құндылықтарды сіңіру, Сонымен қатар бұл мерекенің халқымыз үшін маңызы мен өзектілігін түсіндіру болып табылады. 16-желтоқсан қарсаңындағы видеоролик, тарихи фото суреттер, домбыра аспабы, деректі фильм үзінділері қолданылды.







Ұстаздар мерекесін атап өту шараларын ұйымдастыру мақсатында 2 курс тәлімгері Алтынбек Д. ЖМК –311, ЖМК – 312 топтарымен «Ұстаз – ұлы тұлға» тақырыбында тәрбие сабағын өткізді. Бұл тәрбие сағатының мақсаты – оқушыларға ұстаздың қоғамдағы орны мен рөлін

түсіндіру, мұғалім еңбегін құрметтеуге баулу және олардың білім мен тәрбие берудегі үлесін дәріптеу. Көрнекіліктер ретінде қазақша би, видеоролик, ән, көрініс, студенттер хоры болды.



4 курс тәлімгері Г.Д.Кошанова ұйымдастыруымен информатика білім беру бағдарламасының 4 курс студенттері робототехника бойынша дайындаған жобаларын



таныстыру мақсатында «Менің жетістігім – менің нәтижем» атты студенттік пікір талас іс-шарасы өткізілді. Қазіргі уақытта робототехника өнеркәсіптік өндірістен медицинаға, ауыл шаруашылығынан логистикаға дейінгі көптеген салаларды өзгертуде маңызды рөл атқарады. Arduino сияқты платформалар робототехника мен бағдарламалау әлеміне енгісі келетіндер үшін тамаша бастама болып табылады. Arduino қарапайым сенсорлардан күрделі автоматтандырылған жүйелерге дейін әртүрлі жобаларды жасауға мүмкіндік береді, бұл оны оқыту мен инновация үшін тамаша құрал етеді. Іс-шара барысында робототехника саласындағы басты жетістіктерді қарастырып, болашақты айқындайтын инновациялар талқыланды және технологиялар күрделі мәселелерді қалай шешетінін көрсететін нақты мысалдармен бөлісті. Студенттердің дайындаған 10 жобасы көрсетілді.







4 курс тәлімгері К. Назарова «Менің студенттік дәуірім» атты тәрбие сабағын өткізді. Бұл тәрбие сағатының мақсаты – 4-курс студенттерінің оқу жылдарында жинаған тәжірибелері мен естеліктерін ортаға салып, студенттік өмірдің маңыздылығын түсіндіру, сондай-ақ, болашаққа деген сенімдерін нығайту. Тәрбие сағаты барысында Студенттік шақтың адам өміріндегі орны мен мәні туралы әңгіме айтылды және «Студенттік өмір – адам ғұмырының ең қызықты кезеңі» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды. Студенттердің университет қабырғасында бастан өткерген қызықты оқиғалары мен жетістіктері туралы естеліктерімен бөлісті. Университет ұстаздарына, достарына және оқу орнына алғыс сөздер арнады. Нәтижесінде тәрбие сағаты студенттердің өткен жылдарын бағалауға, достық пен білімнің құндылығын түсінуге, болашаққа деген сенім мен мотивацияны арттыруға ықпал етеді.





Кафедраның аға тәлімгері Аманжолова Әлинаның ұйымдастыруымен Информатика мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасының 4 курс студенттерімен «Пікірде күш бар, бірлікте жеңіс бар» атты дебат сайысы ұйымдастырды. Дебат тақырыбы: "Жасанды интеллектке шектеусіз қолжетімділік қоғамға зиян ба?" Дебаттың мақсаты: Жасанды интеллекттің (ЖИ) пайдасы мен қаупін жан-жақты қарастырып, оның қоғамға, экономикаға және адамның болашағына әсерін бағалау. Сонымен қатар, қатысушылардың сыни ойлау, өз ойын дәлелді жеткізу, қарсыластардың пікірін тыңдау және оған жауап беру дағдыларын дамыту.



3 курс тәлімгері И.Омарова «Денсаулық – зор байлық» атты тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: Студенттерге денсаулықтың маңыздылығын түсіндіру, салауатты өмір салтын насихаттау, зиянды әдеттерден аулақ болуға баулу, болашаққа деген дұрыс көзқарас қалыптастыру. Еліміздің болашағы – жастардың қолында. Сондықтан студенттер мен жастар арасында денсаулықтың құндылығын насихаттау – қоғамның болашағына салынған инвестиция. Жастардың бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы оларды дені сау, рухани бай, саналы азамат ретінде тәрбиелеу мақсат етіледі.



2 курс тәлімгері Ж.Аймешов «Жеңіс үшін күрескен қазақ қарлығашы!» атты тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатының мақсаты: Қазақстанның ұлттық қаһарманы, Ұлы Отан соғысының батыры, Әлия Молдағұлованың ерлігін және тұлғасын жастарға насихаттау, оның жауынгерлік жолын кеңінен таныту, сондай-ақ патриоттық сезімді қалыптастыру. Бұл шара арқылы Әлияның күрескерлік рухы, ел үшін сіңірген еңбегі мен ерлігі туралы ұрпаққа үлгі боларлық мағлұматтар беріліп, оның есімімен байланыстырылған тарихты қайта жаңғырту көзделеді. Бұл мақсаттар қыздардың рухани-адамгершілік және эстетикалық тұрғыдан дамуына ықпал етіп, олардың бойында Әлия Молдағұлова сияқты тұлғалардың үлгісінде батырлыққа ұмтылу сезімін қалыптастырады.



